Ұ Й Ғ А Р Ы М

2025 жылғы 17 сәуір №5165-25-00-2/82 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «Leyla» Лайло Камилжановна Хайтметованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық істі қарап,

А Н Ы Қ Т А Д Ы:

Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 25 ақпандағы №5165-25-00-2/82 шешімімен «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылған.

Жеке кәсіпкер «Leyla» Хайметова Лайло Камилжановна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылған.

Жеке кәсіпкер «Leyla» Хайметова Лайло Камилжановнадан мемлекеттің пайдасына 1833 (бір мың сегіз жүз отыз үш) теңге тұрақсыздық айыппұл мен 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілген.

Алайда, осы соттың шешімінің кіріспе және қарар бөліктерінде жауапкердің тегі «Хайметова» - деп қате жазылған, сондықтан сот, оған «Хайтметова» - деп түзету енгізуге жатады деп табады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот өз бастамашылығымен немесе іске қатысушы адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазулар мен айқын арифметикалық қателерді түзете алады.

АПК-нің 235-бабын, 268-269- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ұ Й Ғ А Р Д Ы :

Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 25 ақпандағы №5165-25-00-2/82 шешімінің кіріспе және қарар бөліктеріне жауапкердің тегі «Хайметова» - орнына «Хайтметова» - деп түзету енгізілсін.

Ұйғарымға жеке шағым, прокурор өтініш хаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 24.04.2025

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 24.04.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»